

можно устранить или минимизировать с помощью совершенствования образовательного процесса и внедрения современных методов обучения. На сегодняшний день, в условиях компьютеризации образования большинство традиционных методов обучения можно успешно реализовать с помощью технологий и внедрить современные методы обучения. Современные методы обучения в полном объеме выполняют задачи по полному усвоению материала любой сложности.

Список литературы:

1. https://katk46.ru/documents/Festivals/matematiks_festivals/3/Sbornik.pdf
2. <https://uchitelya.com/matematika/130856-sovremennye-metody-obucheniya-matematike.html>
3. <https://infourok.ru/metodi-formi-i-sredstva-obucheniya-na-urokah-matematiki-3974929.html>

Оралбек М., Сейтжан Д.

3 курс студенттері, академик Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды университеті

Кельдибекова А.Б.

PhD, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ОҚУШЫҒА “THE FUTURE” ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ (FLIPPED CLASSROOM) ӘДІСТЕМЕСІМЕН САБАҚ БЕРУ

Жұмыстың сипаттамасы

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім деңгейін көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетуі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді. Қазіргі заман педагогінен тек өз мамандығының терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық,

педагогикалық- психологиялық сауаттылық, саяси –экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етіледі. Сонда ғана заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істейтін, оқу мен тәрбие ісіне белсене қатысатын, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген, білігі мен білімі жоғары ұстаз бола алады. Әрбір педагог өз жұмыс тәсілі мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты соңғы жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді колледж өміріне кеңінен енгізу жас маманның саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

«Инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытудың технологияларын пайдалана отырып оқыған студенттер келесі мүмкіндіктер мен артықшылықтарға ие болады:

- бірінші (колледжден кейін) немесе екінші (үшінші) жоғары білім алу, қайта даярлаудан өту, біліктілікті арттыру;
- жеке оқу жоспары, оқу траекториясын өз бетімен жоспарлау, оқу мерзімін қысқарту;
- негізгі қызметтен қол үзбей оқу;
- уақытты және қаржыны үнемдеу.

«The Future» – тек көзі нашар көретін адамдарға емес, дамуында ешқандай ауытқуы жоқ адамдар да қолдана алатын платформа. Бұл сайтта әртүрлі бағдарламалау тілдерін үйренуге болады, білім беру мазмұны, қысқа бейнероликтер түрінде теориялық материалдар және қосымша тапсырмалар ұсынылған. Оқыту әдісі 3 жолға бөлінеді:

3 жолы

1. Кез-келген мұғалім таңдап сол арқылы жұмыс істеу

1. Оқушы өзіне ыңғайлы мұғалім таңдай алады. Яғни, біріншіден оқушыда таңдау болады. Бұл зат қазіргі заманда керекті заттардың бірі. Екіншіден, мұғалімдер әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақ бергендіктен, оқушы өзіне түсінікті, өзінің деңгейіндегі мұғаліммен жұмыс істей алады.

2. Көру қабілеті нашар оқушылар болғандықтан, оларға біз аудио немесе подкаст деуге де болады солар арқылы сабақ өткізу жүйесін ұсынамыз. Ол үшін бұл жүйеге мықты мамандарды алуға тырысамыз.

3. Оқушы тек мұғаліммен жұмыс істеп қалмау үшін біз жүйеге тағы да бір қосымша көмек қостық. Ол топтарға қосылу. Яғни мұғалімнің айтқанын оқушылар бір-біріне түсіндіру арқылы, бірге жұмыс істей алады. Бұл зат студентке өзін жалғыз сезініп қалмас үшін беріледі.

«See.all» платформасындағы тағы бір қосымша ол - қайырымдылық. Яғни, бұл батырма арқылы профессорлар, мұғалімдер, студенттер өздерінің уақытын бөліп, осы платформаға тіркеліп, сабақтар өткізе алады. Сол арқылы студенттер немесе оқушылар мұғалімнен тек сабақ қана алмай өмірлік те тәжірибе ала алады. Сондықтанда, платформаның басты жері осы деп көреміз.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда технологиялар күннен күнге бір-бірлерінен асып түсуде. Сондықтан адамдар қолданбалы технологиялардың ішінен өзіне керектісін немесе айтқанда ыңғайлысын, көзге көріктісін, әдемісін қолданады. Осы арқылы «The Future» сайты немесе платформасы арқылы біз жаңа білім беру жүйесіне көше аламыз. Ол жерде біз төңкерілген сынып, төңкерілген оқыту (flipped classroom) жүйесі арқылы сабақ береміз. Жобада қарастырылып кеткендей бұл жүйенің дәстүрлі білім беру жүйесінен қарағанда артықшылықтары көп деуге де болады.

Әр мұғалім қызметін әдістемелік сүйемелдеу, оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, денсаулығын сақтау, түзете-дамыту жұмыстары, демалыс, бос уақыттарын ұйымдастыру қашықтан оқу процесінің мазмұндық жағын қамтамасыз ететін оқыту ресурсты қорталықтары, құрылымдары жағдайында ұйымдастырылады. Сонымен қатар, ресурстық орталық оқу-әдістемелік процесті өтуіне жауапты, оны бақылауды жүзеге асырады, техникалық мәселені шешуді қадағалайды.

Жоба өзектілігі - Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану қажеттілігі туып отыр. Осыған байланысты білім берудегі әдіс – тәсілдер жаңарып отырады. Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану қазіргі кездегі заман талабы болғандықтан оған басты назар аударуымыз қажет. Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану біршама жетістіктерге апаратын жол. Яғни ақпараттық – коммуникациялық технология білім беруде маңызды құрал деп айтсақ та болады. Басты мақсат ақпараттық – коммуникациялық технологияларды жетік меңгеру және оқушыларға меңгерту. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану мұғалімге де оқушыға да қолайлы. Сол кезде ғана сабақта теория мен практиканы ұштастыра аламыз.

Жұмыстың жаңалығы - Ол “The Future” арқылы жаңа білім беру деңгейіне көшу. Яғни, сол арқылы төңкерілген сынып пен инклюзивті оқыту әдістерін брііктіру болып саналады.

Жұмыстың маңыздылығы - Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген.

Жұмыстың пайдалану перспективалары - Қалған модульдердің барлығымен АКТ – ты байланысты болып отыр. Информатика пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары өте көп. Соның бір жолы ретінде оқытудың жаңа технологиясын енгізуді атап өтуге болады. АКТ – ні тек қана сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да қолданамыз. Өйткені кез келген деректерді интернеттен алуымызға мүмкіншілігіміз бар. Қазіргі кезде қашықтан оқыту тәсілі қолға алынған. Яғни кез келген АКТ – ны меңгерген адам қашықтан оқи алады, білімін шыңдап, әрі қарай жетілдіре алады. АКТ – ны сабақта қолдану оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттырады, сыни ойлауға, басқалармен ой бөлісуге, өз тәжірибесін шыңдауға, АКТ пайдалану машықтарын арттыруға көмектеседі. АКТ – ны оқушыларды бағалау кезінде де қолдандым. Қазіргі уақыттағы activate құралы осының айғағы.

Клипперт С.А.